

Нұсқаулықпен танысу және БҚ орнату

Нұсқаулықпен танысу және БҚ орнату

Жеке тұлғалар үшін онлайн-өтінім беру

Заңды тұлғалар үшін онлайн-өтінім беру

ЭЦҚ қайта шығару

Электрондық үкімет порталында алғашқы рет

Электрондық цифрлық қолтаңбаны келесі сақтау типтеріне алуға болады:

- **файлдық жүйе** - аталмыш тармақты таңдауда кілттер және тіркеу куәліктер файлдар түрінде сіздің дербес компьютеріңізде сақталатын болады;

- **Kaztoken** - аталмыш тасымалдағышты таңдауда кілттер және тіркеу куәліктері пин-код көмегімен қорғалған кілт ақпарат сыртқы қорғалған тасымалдағышында сақталатын болады;

- **sim-картадағы ЭЦҚ** - аталмыш тасымалдағышты таңдауда сіздің телефоныңыздың sim-картасында сақталатын болады. Тиісті sim-картаны «Beeline» сату бөлімдерінде және Астана, Алматы қалаларындағы "Азаматтарға арналған үкімет" КЕАҚ филиалдарында сатып алуға болады.

- **жеке куәлігі** - жеке куәліктің чипіне ЭЦҚ жазу үшін (жеке тұлғалар үшін) жеке куәлікті көрсетіп, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ (ХҚКО) жақын бөліміне бару қажет. Жеке куәлікте жазылған ЭЦҚ әрі қарай жұмыс үшін картридер алу қажет. Осы туралы толығырақ осы парақтан біле аласыз.

ЭЦҚ шығаруға онлайн-өтінім беру рәсімі үш қадамнан тұрады:

1-қадам - Нұсқаулықты меңгеру және БҚ орнату

2-қадам - Онлайн-өтінім беру

3-қадам - "Азаматтарға арналған үкімет" МК КЕАҚ онлайн-өтінімді растау

4-қадам - ҚР ҰКО тіркеу куәліктерін орнату.

Нұсқаулықты меңгеру және бағдарламалық қамсыздандыруды орнату

Тіркеу куәлігін алу үшін сізге бағдарламалық қамсыздандыру орнату қажет:

- NCALayer бағдарламасы.

ЭЦҚ алуға онлайн-өтінім берер алдында **пайдаланушы нұсқаулығымен** танысыңыз.

- NCALayer орнату бойынша пайдаланушы нұсқаулығы
- Жеке тұлғаның жеке кабинетте жұмыс жасау бойынша басшылық.
- Бірінші басшының жеке кабинетте жұмыс жасау бойынша басшылық
- Заңды тұлға жұмыскерлерінің жеке кабинетте жұмыс жасау бойынша басшылық

Заңнама

"Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтар N 370-II Заңы

"Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру және кері қайтарып алу" электрондық мемлекеттік қызметтің регламенті

"Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру және кері қайтарып алу" мемлекеттік қызмет стандарты

